

"Телекоммуникациялар қызметтерінің және телекоммуникациялардың қызметтер ұсынуына технологиялық байланысты қызметтерінің реттеліп көрсетілетін түрлері бойынша байланыс операторларының табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2003 жылғы 12 желтоқсандағы \N 312-НҚ бұйрығына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи Монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2007 жылғы 5 сәуірдегі N 88-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 24 сәуірдегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4626 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Телекоммуникациялар қызметтерінің және телекоммуникациялардың қызметтер ұсынуына технологиялық байланысты қызметтерінің реттеліп көрсетілетін түрлері бойынша байланыс операторларының табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 312 -НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркелімнің тізілімінде 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 2649 нөмірмен тіркелген, "Табиғи монополиялар туралы заңнамаға және монополияға қарсы заңнамаға сәйкес реттеліп көрсетілетін телекоммуникациялар қызметтерінің түрлері бойынша байланыс операторларының табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 312-НҚ

бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 18 наурыздағы N 90-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркелімнің тізілімінде 2005 жылғы 31 наурыздағы N 3532 нөмірмен тіркелген, "Ресми газет" газетінде 2005 жылғы 30 сәуірдегі N 18 жарияланған) мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) 2007 жылдан бастап реттеліп көрсетілетін қызметтердің тізбесіне сәйкес реттеліп көрсетілетін қызмет түрлерінің бөлігіндегі қызметтерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін мемлекет реттейтін, бағалар (тарифтер) қолданылатын қызметтердің бөлінісінде;

жылдық есептілікті - міндетті жыл сайынғы аудиттен өткеннен, қаржы есептілігіне сәйкес, есепті кезеңнен кейінгі жылдың сәуірінің он бесінші күнінен кешіктірмей;

жартыжылдық есептілікті - есепті жылдың тамыз айының он бесінші күнінен кешіктірмей";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Телекоммуникациялар қызметтерінің және телекоммуникациялардың қызметтер ұсынуына технологиялық байланысты қызметтерінің реттеліп көрсетілетін түрлері бойынша байланыс операторларының табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесінде:

2-тармақтағы "табиғи монополия саласындағы" деген сөздер "табиғи монополиялар салаларындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Байланыс операторлары уәкілетті органға:

жылдық есептілікті - міндетті жыл сайынғы аудиттен өткеннен, қаржы есептілігіне сәйкес, есепті кезеңнен кейінгі жылдың сәуірінің он бесінші күнінен кешіктірмей;

жартыжылдық есептілікті - есепті жылдың тамыз айының он бесінші күнінен кешіктірмей";

көрсетілген Ережелердің 2-11-қосымшаларының атауларында "_____жылдың жарты жылдық" деген сөздер "_____ - _____ жылғы кезең аралығында" деген сөздермен ауыстырылсын."

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Телекоммуникациялар және аэронавигация саласындағы реттеу мен бақылау департаменті (Е.Ш. Әлиев) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы және талдау департаменті (Е.О. Есіркепов) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оның заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының, "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының, "Транстелеком" акционерлік қоғамының назарына жеткізсін.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары Н.Ш. Алдабергеновке жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

КЕЛІСІЛГЕН:

Қазақстан Республикасы

Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

2007 жылғы 11 сәуір